

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы  
мемлекеттік нормативтер**

---

**Государственные нормативы в области архитектуры,  
градостроительства и строительства**

**Автомобиль жолдарының монолиттік бетон  
жабынының астына мата емес синтетикалық  
материалдан (геокомпозиттан) қабатшалар төсеу  
жұмыстарын жүргізуге арналған**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА**

---

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА**

**производства работ на устройство прослойки из  
нетканного синтетического материала (геокомпозита)  
под монолитное бетонное покрытие автомобильных  
дорог**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015  
ТКСН РК 8.07-06-2015**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын  
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и  
управления земельными ресурсами Министерства национальной  
экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015. Технологиялық карта**  
**ТКСН РК 8.07-06-2015. Технологическая карта**

---

**Алғы сөз**

- |   |   |
|---|---|
| <b>1. ӘЗІРЛЕГЕН</b>                                     | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ   |
| <b>2. ҰСЫНҒАН</b>                                       | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері және жер ресурстарын басқару комитеті  |
| <b>3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ</b> | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (ТКШ) және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2015 жылғы 19 қазандағы №351-НҚ бұйрығымен |
| <b>4. ОРНЫНА</b>  | алғашқы рет   |

**Предисловие**

- |  |   |
|--|---|
| <b>1. РАЗРАБОТАНЫ</b>                  | АО «КазНИИСА»   |
| <b>2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ</b>                 | Комитетом по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК)   |
| <b>3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ</b> | Приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) от 19 октября 2015 года № 351-НҚ |
| <b>4. ВЗАМЕН</b>                       | впервые   |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

**Мазмұны**

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолданылу саласы.....	1
3 Нормативтік сілтемелер .....	3
4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары .....	4
5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы .....	16
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	27
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	29
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау .....	33
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	35

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ МОНОЛИТТІК БЕТОН ЖАБЫНЫНЫҢ  
АСТЫНА МАТА ЕМЕС СИНТЕТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАН  
(ГЕОКОМПОЗИТТАН) ҚАБАТШАЛАР ТӨСЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ  
АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ**

Енгізілген күні 2015-10-19

## **1 Жалпы ережелер**

1.1 Автомобиль жолдарының монолиттік бетон жабынының астына мата емес синтетикалық материалдан (геокомпозиттан) қабатшалар төсеу жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық картасы Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың (НТҚ) және техникалық нормативтік құқықтық актілердің (ТНҚА) талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2 Автомобиль жолдарының монолиттік бетон жабынының астына мата емес синтетикалық материалдан (геокомпозиттан) жасалған қабат төсеу жұмыстарын жүргізудің технологиялық картасы құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, олардың технологиялары және оларды механикаландыру жөніндегі ұтымды шешімдермен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Осы технологиялық картада автомобиль жолдарын салу кезінде гидроқшаулау және монолиттік бетон жабынының негізбен ілінісін ұзу функцияларын орындайтын геотекстильдік мата емес синтетикалық материалдан (геокомпозиттан) жасалған қабатты төсеу қарастырылады.

1.4 Технологиялық карта мынадай бөлімдерді қамтиды:

- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- қолданылатын негізгі материалдардың сипаттамалары;
- жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картадағы еңбек режимі еңбекті бөлу, жетілдірілген құралдар мен мүкәммалды қолдану ескеріле отырып, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, бригада жұмысшыларының арасында міндеттерді нақты бөлу кезінде еңбек процестерін атқарудың оңтайлы шарттары негізге алынып қабылданды.

## **2 Қолданылу саласы**

2.1 Автомобиль жолдарының монолиттік бетон жабынының астына мата емес синтетикалық материалдан (геокомпозиттан) жасалған қабат төсеу жұмыстарын орындау кезінде ҚР СТ 1053-2011, ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНЖҚ 2.04-10, ҚР ҚНЖҚ 3.03-09-2006\*, ҚР СТ ИСО 10318, МЕМСТ Р 55029 басшылыққа алу және оны қолдануды регламенттейтін жобалық-сметалық құжаттаманың талаптарын сақтау қажет.

2.2 Осы технологиялық картада жұмыстарды жүргізудің төмендегі шарттарын сақтай отырып, қиыршық тасты-құмды-цемент қоспасынан (ҚҚЦҚ) құралған негіздің жоғарғы қабаты бойынша монолиттік бетон жабынының астына геокомпозиттан жасалған қабатты төсеу қарастырылады:

- геотекстильдік материалдан жасалған қабатты төсеу кезінде қоршаған ауаның температурасы автомобиль жолдарының монолиттік бетон жабынын төсеу кезінде жол берілетін шектерде болуға тиіс;

- бума-орамдарды домалатып жазу кезінде оның теңдігін, қатпарының болмауын бақылау қажет;

- жаймада үзіктердің болмауы және геокомпозитті бекіту элементтерімен жер төсеміне бекіткіштердің болуы;

- геокомпозит жаймасының жоғарғы қабатын жылжыту кезінде қатпарлардың пайда болуына және материалдың жыртылуына жол бермеу;

- төсердің алдында геокомпозит бума-орамдарының бетінде тереңдігі 5 см асатын сораптар, шұңқырлар және басқа да бұдырлар болмауға тиіс;

- объектіге төсегеннен кейін геокомпозиттің жаймасы бір ауысымның ішінде жоғары жататын қабаттарымен жабылуға тиіс.

2.3 Геокомпозиттен жасалған қабаттарды қолдану олардың мынадай функцияларды орындау мүмкіндігімен анықталады:

- арматуралау (көлік құралдарынан және өз салмағынан болатын жүктеменің әсері кезінде туындайтын топырақ массивіндегі, жол төсемесіндегі күштердің ГМ қайта бөлу нәтижесінде жол конструкцияларын күшейту);

- қорғау (топырақ эрозиясы процесін болдырмау немесе кідірту, байланысатын қабаттар материалдарының өзара кірігуін болдырмау);

- құрғату (судың кебуін жеделдету, оның ішінде сүзгі ретіндегі «жұмыс»);

- гидрооқшаулау (жер төсемі жұмыс қабатының топырағына су ағынын азайту) немесе гидрооқшаулау немесе қорғау (топыраққа су ағынын азайтумен бір мезгілде топырақ эрозиясы процесін болдырмау немесе оны кідірту).

2.4 Геокомпозиттен жасалған қабаттарды төсеу жөніндегі жұмыстар мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

*а) дайындық жұмыстары;*

*б) негізгі жұмыстар:*

- геокомпозиттен жасалған қабаттарды төсеу;

*в) қосымша жұмыстар;*

*г) ақырғы жұмыстар.*

2.5 Монолиттік бетон жабынының астына геокомпозиттен жасалған қабаттарды төсеу жөніндегі технологиялық картада ҚР СТ 1053-2011, ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР СТ ИСО 10318-2007, МЕМСТ Р 55029-2012 және басқа да қолданыстағы НТҚ, жұмыстар жүргізу жобасының және осы технологиялық картаның 2.2-тармағының талаптары сақталған кезде, жұмыстарды жылдың жылы уақытында орындау көзделеді.

2.6 Технологиялық картаны байланыстыру кезінде жұмыстардың құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны бақылау, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды түзету қажет.

2.7 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылдағы жағдай бойынша жасалған, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ-ны басшылыққа алу қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылмастан күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтеме қозғалмайтын бөлігінде қолданылады.

### 3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ТЖМ-ның 21.10.2009 ж. №245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтеретін крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

«Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысы.

ҚР СТ 1053-2011	Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар
ҚР СТ ИСО 10318-2007	Геосинтетика Терминдер мен анықтамалар
ҚР ҚН 1.03-00-2011	Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар және құрылыстар салуды ұйымдастыру.
ҚР ҚНжҚ 2.02-05-2009	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.
ҚР ҚНжҚ 1.03-05-2001	Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.
ҚР ҚНжҚ 3.03-09-2006*	Автомобиль жолдары
ҚР ҚНжҚ 2.02-05	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі
МЕМСТ 12.1.004-91	Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МЕМСТ 12.1.046-85	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары (2003 ж. бас.).
МЕМСТ 27017-86	Бекіту бұйымдары.
МЕМСТ 283-75	Сымнан жасалған шегелер
МЕМСТ 12.4.010-75	Жеке қорғану құралдары. Арнайы қолғаптар. Техникалық шарттар
МЕМСТ 12.4.087-84	Құрылыс. Құрылыс каскалары
МЕМСТ 12.4.111-82, МЕМСТ 12.4.112-82	Жеке қорғану құралдары. Арнайы киім
МЕМСТ 12.4.137-2001	Жеке қорғану құралдары. Арнайы аяқ киім.
МЕМСТ 12.4.013-85	Жеке қорғану құралдары. Қорғаныштық көзәйнек.
МЕМСТ 12.4.011-89	Жұмысшылардың қорғану құралдары. Жалпы талаптар және жіктеме.
МЕМСТ 13587-77	Мата емес текстиль жаймалар. Сынамаларды қабылдау қағидалары және іріктеу әдістері.
МЕМСТ 15902.2-2003	Мата емес жаймалар. Құрылымдық сипаттамаларын анықтау әдістері.
МЕМСТ 15902.3-79	Мата емес текстиль жаймалар. Беріктігін анықтау әдістері.
МЕМСТ 11042-90	Құрылысқа арналған болат балғалар. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 25573-82*	Құрылысқа арналған арқандық жүк строптары. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 25782-90	Қағидалар, үккіштер және жартылай үккіштер. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстардың өлшемдерін орындау қағидалары.

#### **4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары**

Геокомпозит үш қабаттан тұрады:

- сыртқы қабаттар – тығыздығы 100-ден 250 г/шаршы м дейінгі геотекстиль;
- ішкі қабаты – қалыңдығы 0,1-ден 0,3 мм дейінгі полиэтилен геожарғақша.

Геожарғақшаны тесілуден геотекстиль қорғайды, ол да үйкелісу қасиеттерін қамтамасыз етеді және композитті тік еңістерге төсеуге мүмкіндік береді.

Негізгі функциясынан басқа – гидрооқшаулағыш, геокомпозит жоғары беріктік қасиеттерін иеленеді және көбіне әдеттегі геотекстильден басым бола отырып, арматуралау және бөлу үшін өте жақсы болады.

Геотекстиль және геожарғақша қабаттарын термобекіту әдісі үзілу мен тесілуге қарсы аса зор беріктік қасиеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Геокомпозит көп функционалды және құрылыс материалдарының бірнеше түрін алмастырады, бұл ретте монтаждау уақытын едәуір азайтады.

Геокомпозит ені (4,0±0,1) м бумалы орамдарда шығарылады, полиэтилен немесе картон шөлнектерге 25 немесе 50 м ұзындықпен оратылады. Өнімнің ұзындығы және ені бойынша жол берілетін ауытқуы ±50 мм. Өнімді басқа ендікте және ұзындықта шығаруға жол беріледі.

Геокомпозиттің жол берілетін ауытқулары:

- беттік тығыздығы бойынша барлық бір түрлі мөлшерлер үшін ±8%-дан;
- 2 кПа жүктеме кезіндегі қалыңдығы бойынша барлық бір түрлі мөлшерлер үшін ±0,5 мм-ден аспайды.

#### ***Қолданылау саласы***

Авто және темір жолдар:

- Қара құмның орнына цемент-бетон жабынының астына бөлгіш және гидрооқшаулағыш қабат;

- Тар түтіктер тудырмайтын қабат;
- Жерасты суларынан қорғау;
- Конструкцияларды топырақ суларынан қорғау;
- Жауын-шашыннан қорғау;
- Автожолдардың қиябеттерін гидравликалық әсерден қорғау.

Бөгеттер мен тоғандар – тоғандардың, бөгеттердің және өзге де гидротехникалық құрылыстардың төстабандарын гидрооқшаулау.

Кеспе тастар (алаңшалар мен соқпақтар):

- Төсеніш қабатты гидрооқшаулау;
- Жүктемені бөлу.

Арналар – арналардың жалпы ені 4 метрден астам кезде бетон қаптама үшін өте жақсы гидрооқшаулау және арматуралау материалы.

Өзендердің жағалауларын бекіту және гидрооқшаулау.

#### ***Геокомпозит төсеу технологиясы***

Тұтастай алғанда, геокомпозит төсеу технологиясы геотекстиль технологиясына ұқсас. Геокомпозит төсеудің ерекшелігі бума орамдардың түйістерінде ішкі қабаттың (геожарғақша) арнайы ұтқыр аспап пайдаланыла отырып, дәнекерленетіні, ал сыртқы

қабаттардың (геотекстиль) шағын тігін машинасымен тігілетіні болып табылады.


Осылайша, дұрыс салынған геокомпозит қабатты арматуралайтын және бөлетін, жіктері, түйістері және әлсіз жерлері жоқ біртұтас гидроқшаулағышты тудырады, өйткені геотекстильдің дәнекерленген ішкі жарғақшасы және тігілген сыртқы қабаттары материалдардың қосылған жерлеріндегі физикалық-механикалық қасиеттерінің әлсіреуін тудырмайды.

Геосинтетикалық материалдардың негізгі топтары мен маркалары 1-суретте келтірілген.

Геокомпозит 2-суретте келтірілген.

Орамдағы геокомпозит 3-суретте келтірілген.

Геокомпозиттің құрауыш қабаттары және оның түрлері 4-суретте келтірілген.



1-сурет- Геосинтетикалық материалдардың негізгі топтары мен маркалары



**2-сурет - Геокомпозит**

4.1 Осы технологиялық картада тиісті анықтамаларымен мынадай материалдар қолданылады:

Геокомпозит – екі немесе одан да көп қабаттардың қиылысынан, геосинтетикалық материалдардан (геотекстиль, геожарғақша) жасалатын, бума орамдармен немесе блоктармен жеткізілетін материал;

Геотекстиль қабаты – механикалық тәсілмен (ине өткізу) талшықтарды немесе жіптерді айқастыру жолымен алынатын тұтас, су өткізетін, тығыздығы 200-ден 300 г/ шаршы м дейінгі жұқа икемді мата емес материал;

Геожарғақша қабаты – геотехникада және қоршаған ортаның инжинирингінде пайдаланылатын және жоғары тығыздықтағы (төмен қысымдағы), төмен тығыздықтағы (жоғары қысымдағы) полиэтиленнің, төмен тығыздықтағы (жоғары қысымдағы) желілік полиэтиленнің және олардың қоспаларының негізінде үрлемелі экструзия әдісімен (жеңдік әдіс) дайындалатын, қалыңдығы 0,1-ден 0,3 мм дейінгі оқшаулағыш полимерлік орамдық немесе табақтық жайма.


Геокомпозит пен оның түрлерін құрайтын материалдар қабаты (геотекстиль, геожарғақша) 4-суретте келтірілген.

Геокомпозиттің физикалық-механикалық сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.

Геотекстиль материалдарының әр алуан түрлерін қолданудың ұсынылатын салалары 2-кестеде келтірілген.



3-сурет – Бумалы орамдағы геокомпозит



- а – екі қабатты геокомпозит
- б – үш қабатты геокомпозит
- 1 – геожарғақша қабаты
- 2 – геотекстиль қабаты

4-сурет – Геокомпозиттің құрауыш қабаттары және оның түрлері

## 1-кесте - Геокомпозиттің физикалық-механикалық сипаттамалары

Р/с №	Өнім түрлері үшін көрсеткіштер атауы	Түр мөлшерлері							
Геотекстиль									
1	Беттік тығыздығы, г/м <sup>2</sup>	200	250	300	350	400	450	500	600
2	2 кПа жүктеме кезіндегі қалыңдығы, мм, кем емес	2,5	2,7	3,0	3,3	3,7	4,0	4,3	5,0
3	Айырылу жүктемесі, кН/м, кем емес: - ұзындығы және ені бойынша	5,5	6,6	8,8	11,8	13,0	14,0	16,0	18,0
4	Айырылу кезіндегі салыстырмалы ұзаруы, %, кем емес: - ұзына бойғы (негіз) - көлденең (арқау)	55,0 55,0							
Геокомпозит									
1	Беттік тығыздығы, г/м <sup>2</sup>	300	400	500	600	700	800	900	1000
2	Геожарғақша қалыңдығы, мм	0,1-0,5				0,2-0,3			
3	Айырылу жүктемесі Айырылу жүктемесі, кН/м, кем емес: - ұзына бойғы және көлденең (негіз және арқау)	5,0	6,0	9,5	10,0	12,0	14,0	16,0	18,0
4	Айырылу кезіндегі салыстырмалы ұзаруы, %, кем емес: - ұзына бойғы және көлденең	30-100							



Геокомпозиттің қиылысуындағы жекелеген қабаттарының қасиеттері мынадай функциялар атқарады:

- Бөлгіш және гидрооқшаулағыш қабат;
- Түтік жойғыш қабат;
- Суасты суларынан қорғау;
- Конструкцияларды жерасты суларынан қорғау;
- Жауын-шашыннан қорғау;
- Төсеніш қабатты гидрооқшаулау;
- Жүктемені бөлу.

Геокомпозит бума-орамдарының әрбір топтамасы сапа туралы құжатпен сүйемелденуге тиіс және құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ) және жұмыстарды жүргізу жобасының (ЖЖЖ) талаптарына сәйкес болуға тиіс. Геокомпозит рулондары дайындаушы кәсіпорынның орамымен жеткізіледі.

Геокомпозиттің бума-орамдарын тасымалдау автокөлікпен, контейнерлермен немесе вагондармен көліктің осы түрлеріне қолданылатын жүк тасымалдау қағидаларына сәйкес тығыз тең қатарлармен жүргізіледі. Тасымалдау кезінде тікелей күн сәулесінің түсуіне, механикалық бүлінуіне және атмосфералық жауын-шашын әсеріне жол берілмейді.

Геокомпозиттің бума-орамдары механикалық және химиялық бүліну жоққа шығарылатын жағдайларда, өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес жылыту приборларынан кемінде 1 м қашықтықта,  $-50^{\circ}\text{C}$ -ден  $+30^{\circ}\text{C}$  дейінгі температурада тікелей күн сәулесі түспейтін құрғақ, жабық желдетілетін қойма үй-жайларында сақталады.

Геотекстиль жайманы МЕМСТ 12.1.004-91 сәйкес тез тұтанатын заттарға, жылыту приборларына және басқа да өртену қаупі бар көздерге тікелей жақын жерде сақтауға және тасымалдауға жол берілмейді.

Бес бума-орамнан артық биіктікте жинауға және олардың үстіне басқа жүктер мен материалдар қоюға жол берілмейді.

Геокомпозиттің бума-орамдарын байлау және қоймаға орналастыру схемасы 3-суретте келтірілген.

Геотекстиль материалды орналастыру, оны ҚҚЦҚ жасалған негіз қабатына бекіту кезінде жоғары жатқан қабатты жылжыту кезінде технологиялық жүктемелердің ықтимал әсері кезінде, сондай-ақ күшті желдің әсері кезінде геосинтетикалық материалдың жобалық орналасуын сақтау үшін газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасын қолдану арқылы дюбельдер және шайбалар пайдаланылады.

Бекіту элементтері МЕМСТ 27017-86 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Дюбельдер мен шайбалардың әрбір топтамасы сапа туралы құжатпен сүйемелденеді.



Қолданылатын тасымалдау тәсілдері атмосфералық жауын-шашынның әсерін, орам бүтіндігінің бұзылуын болдырмауға, сондай-ақ жолда механикалық бүлінулерден сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

Дюбельдер мен шайбалар МЕМСТ 283-75 талаптарына сәйкес бүлінбеген өзіндік орамда, құрғақ жағдайларда сақталуға тиіс.

Қажет болған кезде біртұтас гидрооқшаулағыш, арматуралаушы және бөлгіш қабаттар жасау үшін, бума-орамдардың түйісінде ішкі қабат (геожарғақша) арнайы ұтқыр аспап пайдаланыла отырып, дәнекерленеді, сыртқы қабаттар (геотекстиль) шағын тігін машинасымен тігіледі.


Геокомпозитті түсіру және жинау схемасы 5-суретте келтірілген.

Газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасын қолданып, ҚҚЦҚ жасалған негіз қабатына бекіту 6-суретте келтірілген.



- а – геокомпозиттің бума-орамдарын байластыру схемасы;
- б – геокомпозиттің бума-орамдарын жинау схемасы;
- 1 – геокомпозиттің бума-орамдары;
- 2 – 2 тармақты арқан
- 3 – әмбебап арқан (сақина) немесе текстиль арқан
- 4 – тұғырлар

**5-сурет - Геокомпозиттің бума-орамдарын түсіру және жинау схемасы**



a)



б)



B)



Г)



д)

**6-сурет – Геокомпозит жаймаларын газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасымен ҚҚЦҚ негізіне бекіту.**

- а) газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасының дюбелдері;
- б) шайбалар;
- в) газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасы;
- г) дайын бекіту элементі;
- д) газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасымен негізге бекіту.

*Геотекстиль мен геокомпозитті қабылдап алу, тасымалдау және сақтау қағидалары*

Геокомпозит жаймаларының сапасын бақылау ілеспе құжаттарды тексеруден басталуға тиіс. Жайманы қабылдап алу топтамалармен жүргізіледі. Геокомпозит жаймаларының әрбір топтамасы сапа туралы құжатпен сүйемелденуге тиіс, ол мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- дайындаушының атауы, оның орналасқан жері және тауарлық белгісі;
- жайманың атауы және маркасы;
- осы өнім оларға сәйкес шығарылған техникалық шарттардың белгіленуі;
- жайманың ені;
- топтаманың нөмірі;

- топтамадағы бума-орамдардың саны;
- топтамадағы барлық бума-орамдардың көлемі;
- физикалық-механикалық көрсеткіштері бойынша (беттік тығыздығы, айыру жүктемесі, айыру кезіндегі ұзаруы) сынақтардың нәтижелері;
- дайындалған күні;
- сақтаудың кепілді мерзімі;
- ТББ мөртабаны.

Қабылдау-тапсыру сынақтары мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- ГМ сыртқы түрі, ақаулардың болуы;
- бума-орамды ораудың сапасы;
- жайманың қалыңдығы, ені және ұзындығы;
- жайманың беттік тығыздығы;
- айыру жүктемесі (ұзына бойғы және көлденең бағыттарда);
- айыру кезінде салыстырмалы ұзаруы (ұзына бойғы және көлденең бағыттарда);
- маркалануы;
- қатталуы (тұтынушымен келісім бойынша).

Ең болмағанда бір көрсеткіш бойынша қанағаттанғысыз тексеру нәтижелері кезінде осы көрсеткіш бойынша, осы топтамадан қайтадан іріктелген бума-орамдардың екі еселенген санына тексеру жүргізу қажет.

Қайталама сынақтардың нәтижелері түпкілікті болып табылады. Қайталама сынақтардың қанағаттанғысыз нәтижелері кезінде бүкіл топтама бракқа шығарылады.

Бракқа шығарылған топтаманы брактан шығару үшін оған барлық көрсеткіштері бойынша 100% бақылау жасалады.

Бірінші кезекте бақылау жасалуға тиіс негізгі физикалық-механикалық көрсеткіштер мыналар болып табылады:

- беріктігі және салыстырмалы ұзаруы;
- қалыңдығы;
- беттік тығыздығы.

Жайманы жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдауға жол беріледі. Жайма тікелей күн сәулесі түспейтін желдетілетін құрғақ үй-жайларда қатталып жиналған түрде сақталады.

Геокомпозиттен жасалған қабаттарды төсеу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Міндетті түрде сертификаттауға жататын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификатын иеленуге тиіс.

## **5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы**

### **5.1 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру**

Осы технологиялық картада қиыршық тас-күм-цемент қоспасынан (ҚҚЦК) құралған негіздің жоғарғы қабаты бойынша монолиттік бетон жабынының астына геокомпозиттен жасалған қабатты төсеу қарастырылады.

Цементті-минералды материалдар (ҚҚЦК) сығылуға беріктігі бойынша жобалық марканы және аязға төзімділігі бойынша жобалық марканы иеленуге тиіс.

**Қиыршық тасты-күмды-цемент қоспасы (ҚҚЦК)** – бұл араластыру қондырғыларында немесе жол төсемінде қиыршық тасты (шағылды), күмды, цементті және суды жобаланған қатынастарда араластыру арқылы алынатын жасанды қоспалар.

Автомобиль жолдарының монолиттік бетон жабынының астына мата емес синтетикалық материалдан (геокомпозиттен) жасалған қабат төсеу жұмыстарын

жүргізуді ұйымдастыруды жобалық құжаттаманың, ҚР ҚН 1.03-00, ЖЖЖ-ның және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

Геокомпозиттен жасалған қабаттарды төсеу кезінде мыналар бақыланады:

- топырақтың төселетін қабатын дайындау (жобалық құжаттамаға сәйкес теңдігі, тығыздалу дәрежесі, еңістерінің болуы, геокомпозитті бүлдіруі мүмкін қоспалардың болуы);
- бума-орамдарды домалату кезінде олардың теңдігін, қатпарларының болмауын, жаймада жыртылудың жоқтығын бақылау қажет;
- геокомпозитті жер төсеміне ұзындығы 20 см анкерлермен бекітудің болуы;
- төсердің алдында геокомпозит бума-орамдарының бетінде терендігі 5 см асатын сораптар, шұңқырлар және басқа да бұдырлар болмауға тиіс;
- автожолдың бетон жабынын ылғалдату және төсеу жағдайынан басқа, автокөліктің, сондай-ақ басқа да техниканың төселген геокомпозитпен жүруіне жол берілмейді;
- геокомпозит 5 сағаттан артық күн сәулесінің әсерінде жатпауға тиіс, төсем төсеуді осыны негізге алып жоспарлау қажет.

Бақылау нәтижелері бойынша бұқпа жұмыстарға белгіленген нысан бойынша акт жасалады.

Геокомпозиттен жасалған қабаттарды төсеу бойынша жұмыс жүргізу басталғанға дейін:

- жұмыстарды сапалы және қауіпсіз жүргізуге жауапты адамды тағайындау;
- қосымша процестердің жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- жұмыс жүргізушілерді және жұмысшыларды қол қойғыза отырып, жалпы жұмыстар журналындағы ЖЖЖ-мен, жұмыс сызбаларымен және осы технологиялық картамен таныстыру;
- қолданыстағы нормаларға сәйкес жұмысшыларды арнайы киіммен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;
- ҚР ҚНЖҚ 1.03-05 талаптарына сәйкес қол қойғыза отырып, жұмысшылармен еңбекті қорғау бойынша нұсқама өткізу;
- жұмыстар орындалатын орынды алғашқы медициналық көмек көрсету құралдарымен, ауыз сумен, МЕМСТ 12.1.004 талаптарына сәйкес өртке қарсы жабдықтармен, МЕМСТ 12.1.046 сәйкес жарықтандырумен қамтамасыз ету;
- жұмыс орнын техникалық дайындық жағдайына келтірілген ұжымдық немесе жеке пайдалануға арналған механикаландырылған аспаптармен, айлабұйымдармен қамтамасыз ету;
- жұмысшылар ҚР ҚНЖҚ 1.03-05-2001 сәйкес талаптар сақталған кезде газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасымен жұмыс істеуге рұқсат алуға тиіс.

Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитарлық гигиенаның және қауіпсіздік техникасының қағидалары сақтала отырып, өндірістік процестің талаптарына және жұмыстарды атқарудың шарттарына сәйкес дайындалуға тиіс.

Жабдықтарды, мүкәмалды жұмыс орнына орналастыру қысылысты жұмыс жағдайлары, жүруге және аспаптар мен жарақтарды іздеуге уақыттың артық шығындары туындамайтындай есеппен жоспарланады.

Жұмыс орнындағы құралдар мен айлабұйымдардың саны ауысым бойында оларды алуға және ауыстыруға барынша аз шығындармен кідіріссіз жұмысты қамтамасыз ететіндей ең аз қажетті мөлшерде болуға тиіс.

Аспаптар мен айлабұйымдар жұмыс орнында пайдалану үшін қолайлы, белгілі бір тәртіппен орналастырылуға тиіс.

Автокөліктен материалдарды түсіру ЖЖЖ-ға сәйкес жайманың ұзындығы, қармалуы ескеріле отырып, тікелей жұмыс жүргізілетін орында қолмен атқарылады.


Геотекстиль материалын төсеу жөніндегі жұмыстарды мынадай құрамдағы буындар атқарады:

- 4 разрядты жол жұмысшысы (Др1, Др2) – 2 адам;
- 3 разрядты жол жұмысшысы (Др3, Др4, Др5) – 3 адам.

Дайындалған негіз қабатына геокомпозит қабаттарын төсеу бойынша жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 7-суретте келтірілген.

Мата емес синтетикалық материалдан жасалған қабатты (геокомпозитті) монолиттік бетон жабынының астына қолдану кезіндегі жол төсемесінің конструкциясы 8-суретте келтірілген.


Негіздің дайындалған қабаты бойынша ұзына бойғы орындалған геокомпозит қабатын монолиттік бетон жабынының астына төсеу схемасы 9-суретте келтірілген.




- 1 – геотекстилдік материал жаймасы;
- 2 – бекіту элементтері (анкерлер немесе дюбелдер шайбаларымен);
- 3 – аспаптар салынған жәшік;
- 4 – бекіту элементтері салынған жәшік;
- 5 – жапсар сызығы;
- 6 – төмен жататын негіз қабаты.

1, D2, D3, D4, D5 – жолшылардың жұмыс орындары.

7-сурет - Дайындалған негіз қабатына геокөмпит қабаттарын төсеу бойынша жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы



8-сурет – Мата емес синтетикалық материалдан жасалған қабатты (геокомпозитті) монолиттік бетон жабынының астына қолдану кезіндегі жол төсемесінің конструкциясы



I) – ҚҚЦҚ негізінің төмен жататын қабатын төсеу жөніндегі алдыңғы жұмыстар

II) – геокөмпозит қабатын жол осіне параллель төсеу

III) – монолиттік бетон жабынының жоғары жататын қабатын төсеу

**9-сурет – Геотекстиль материалды ұзына бойғы орындауда төсеу схемасы.**

## 5.2 Жұмыс жүргізу технологиясы

Геокөмпозит қабатын төсеу жөніндегі жұмыстарды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындау қажет:

*а) дайындық жұмыстары;*

*б) негізгі жұмыстар:*

- геокөмпозит жаймаларын жаю және негіздің бетіне бекіту;

*в) қосымша жұмыстар;*

- геокөмпозит бума-орамдарын түсіру.

*г) ақырғы жұмыстар.*

### 5.2.1 Дайындық жұмыстары

Буын жұмысшылары техникалық персоналдан нұсқау алып, жұмыс сызбаларымен және осы технологиялық картамен танысып, материалдар, аспаптар алады, жұмысты бастар алдында аспаптарды қарап, тексеруді және сынауды жүргізеді.

### 5.2.2 Негізгі жұмыстар

Геокөмпозиттен жасалған қабаттарды төсеу бума-орамдарды жол төсеміне жаю арқылы қолмен атқарылады. Геокөмпозиттің жазылған жаймалары негіздің бүкіл еніне бекітілуге тиіс. Геокөмпозиттің бума-орамдары төсемдердің арасына жапсарлау арқылы жайылады және негіз қабатына тығыз жатқызылуы үшін дюбельдермен және шайбалармен негіз қабатына бекітіледі. Жайманы төсеуді су ағыны жағына қатысы бойынша төменнен бастап орындайды. Жеке жаймалар жер төсемінің жиегінен бастап жол осіне қарай шеттері бүгіле отырып төселеді.

Геокөмпозит бума-орамдарын жол төсеміне жазып жаю 8-суретте келтірілген.

Геокөмпозиттің бума-орамдары жұмыс жүргізу орнына оларды тікелей төсердің алдында әкелінеді және бума-орамдағы жайманың ұзындығына сәйкес келетін қашықтық арқылы жұмыс учаскесінің ұзындығы бойынша бөлінеді. Егер құрылыс алаңына жету көлік қозғалысы жағдайларына байланысты қиындаса, құрылыс жүргізу кезеңінде

уақытша кірме жолдарды ұйымдастыру бойынша арнайы шаралар қабылдануға тиіс. Жұмыс объектісіне жақын, қолайлы жерде жұмыс алаңы және қойма алаңы жасалуға тиіс, оларда геотекстиль материалдарын сақтау және төсеуге дайындау жүзеге асырылады.

Геокомпозитті ұзына бойғы бағытта төсеу бума-орамдарды жол осіне параллель жазып жаю жолымен жүргізіледі. Алғашқы метрлер жайылғаннан кейін (ені бойынша) жайма жерге екі-үш бекіту элементімен жабыстырылады. Бума-орамдарды одан әрі жаю кезінде оны ұзына бойына аздап тарта отырып және негізге дюбельдермен және шайбалармен 1 м қадамда бекітіп, жайманы әлсін-әлсін теңестіру жүргізіледі, қажет болғанда қосымша біріктіреді. Жаймаларды ұзындығы және ені бойынша жабу (жапсарлау) 0,3 м кем болмауға тиіс.

Бекітуді жел соғуының әсері кезінде жайманың жылжуын болдырмау және геотекстильдік материалдың алдын ала аздап тартылуын сақтау үшін орындайды.

Геотекстильдік материалды ҚҚЦҚ-дан жасалған төсем қабатына төсеу кезінде бекітуді газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасымен дюбельдермен және шайбалармен жүргізеді.

Мата емес материалдарда шағын радиус бойынша жүруге, бұрылуға, сондай-ақ күрт тежеуге және екпінмен қозғалуға жол берілмейді.

Бетон төсеу кезінде мата емес материалдарды ылғалдау қажет.

Геокомпозиттің бума-орамдарын жол төсеміне жаю 10 және 11-суреттерде келтірілген.

Геокомпозиттің бума-орамдарын жол төсеміне бекіту 12-суретте келтірілген.



10-сурет - Геокомпозиттің бума-орамдарын жол төсеміне жаю



**11-сурет - Геокомпозиттің бума-орамдарын жол төсеміне жаю**



**12-сурет - Геокомпозиттің бума-орамдарын жол төсеміне бекіту**

### **5.2.3 Қосымша жұмыстар**

Бума-орамдарды құрылыс орнына тасымалдау, оларды түсіру, негіз бетінің бойына бөлу және бума-орамдарды төсеуге дайындау ЖЖЖ-ға сәйкес орындалады. Материалдар жұмыс жүргізу орнына жүк автомобильдерімен әкелінеді, оларды шанақтан түсіру манипулятор-кранмен орындалады. Бекіту материалдары мен аспаптарды түсіру және әкелу арбашалардың көмегімен қолмен атқарылады.

### **5.2.4 Ақырғы жұмыстар**

Ауысымның соңында жұмысшылар жұмыс орындарын құрылыс қоқысынан тазартады, аспаптар мен айлабұйымдарды тазалап, оларды қоймаға тапсырады.

Геотекстиль материалынан жасалған қабаттарды төсеуге арналған операциялық карта 2-кестеде келтірілген.

## 2-кесте - Геотекстиль материалынан жасалған қабаттарды ҚҚЦК негізіне төсеуге арналған операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарак, аспап, мүкәммал, айлабұйымдар), машиналар, тетіктер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
<b>Дайындық жұмыстары</b>			
Дайындық жұмыстары	-	4 разрядты жол жұмысшысы (Др1, Др2) – 2 адам, 3 разрядты жол жұмысшысы (Др3, Др4, Др5) – 3 адам	Жұмысшылар техникалық персоналдан тапсырма алады, нұсқамалар журналына қол қоя отырып, қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыс орнында нұсқамадан өтеді, аспаптар, мүкәммал, материалдар алады, ЖЖЖ және технологиялық картаға сәйкес жұмысты орындау учаскесімен танысады және жұмысқа кіріседі.
<b>Негізгі жұмыстар</b>			
Геотекстиль материалынан бума-орамдарды әкелу және жаю, жайма жабылатын (жапсарлас) орындарда және шеткі учаскелерде газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасының көмегімен негізге бекіту.	Газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасы	4 разрядты жол жұмысшысы (Др1, Др2) – 2 адам, 3 разрядты жол жұмысшысы (Др3, Др4, Др5) – 3 адам	Др3, Др4, Др5 геотекстиль материалын әкеліп, шетінен, су ағыны жағына қатысы бойынша төменнен бастап, жайманы бүктеу запасын ескеріп, жол осімен жылжи отырып, жол осіне параллель жаяды. Др1, Др2 шеттерін және геотекстиль материалы жаймаларының арасындағы жапсарлау орындарына газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасының көмегімен бекітеді.

## 2-кестенің соңы

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарак, аспап, мүкәммал, айлабұйымдар), машиналар, тетіктер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
<b>Қосымша жұмыстар</b>			
Геокомпозит бума-орамдарын автокөліктен негізге түсіру (әрбір 40 м 4 бума-орамнан), бекіту материалдары мен аспаптарды түсіру және әкелу.	-	3 разрядты жол жұмысшысы (Др4, Др5) – 2 адам	Др4, Др5 геотекстиль материалының бума-орамдарын жүк автомобилінің шанағынан манипулятор кранның көмегімен жол бойындағы негіз бетіне бума-орам ұзындығына еселік қашықтыққа түсіреді. Материалдарды, аспаптарды түсіреді, жұмыс жүргізу орнына қолмен немесе арбашамен әкеледі.
<b>Ақырғы жұмыстар</b>			
Ақырғы жұмыстар		4 разрядты жол жұмысшысы (Др1, Др2) – 2 адам, 3 разрядты жол жұмысшысы (Др3, Др4, Др5) – 3 адам	Ауысымның соңында жұмысшылар жұмыс орындарын құрылыс қоқысынан тазартады, аспаптар мен айлабұйымдарды қоймаға тапсырады.

**6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік**

6.1 Геокомпозиттен жасалған қабатты төсеуге арналған материалдар мен бұйымдарға қажеттіліктер ведомосі 3-4-кестелерде келтірілген.

**3-кесте- ҚҚЦҚ негізінің жоғарғы қабатына геокомпозиттен жасалған қабатты төсеуге арналған материалдар мен бұйымдарға қажеттіліктер ведомосі**

Жұмыстар көлемі – 120 м/п жол жабыны (ені 11м)

Р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	ТНҚА атауы және арналуы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Геотекстиль материалы жаймасы	МЕМСТ Р 55029-2012	м2	1692
2	Дюбель	МЕМСТ 27017-86	дана	633
3	Шайбалар	МЕМСТ 27017-86	дана	633
4	Газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасы үшін газ		дана	1

Ескертпе - Ресурстар шығысының көрсеткіштері орташаланған болып табылады және жобалық құжаттар бойынша нақтыланады.

6.2 Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, аспаптардың, мүкәммалдың және айлабұйымдардың тізбесі 4-кестеде келтірілген.

**4-кесте – Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, аспаптардың, мүкәммалдың және айлабұйымдардың тізбесі**

бір бригадаға

Р/с №	Атауы	Түрі, маркасы, дайындаған зауыт	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Бір буынға (бригадаға) саны
1	Газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасы				2
2	Жүк автомобилінің базасындағы кран-манипулятор		т	5	1
3	Арбаша	-	Материал әкелу	-	1
4	Өлшегіш металл рулетка	РС-3	Өлшеу жұмыстары	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 2000 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	2

## 4-кестенің соңы

бір бригадаға

Р/с №	Атауы	Түрі, маркасы, дайындаған зауыт	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Бір буынға (бригадаға) саны
5	Балға	-		Масса – 500 г	2
6	Комбинезондар	-	Жеке қорғану құралдары	-	5
7	Аяқ киім	-	Жеке қорғану құралдары	-	5 жұп
8	Қолғаптар	-	Жеке қорғану құралдары	-	5 жұп
9	Қорғаныштық көзәйнек	-	Жеке қорғану құралдары	-	2
10	Құрылыс каскасы (МЕМСТ 12.4.087)	-	Жеке қорғану құралдары	-	5
11	Резеңке қолғаптар	-	Жеке қорғану құралдары	-	2 жұп
12	Аптечка	-	Алғашқы көмек көрсету	-	1

### 7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

ҚҚЦҚ-дан дайындалған жол төсемесі негізінің жоғарғы қабатына геокомпозиттен жасалған қабатты төсеу кезіндегі жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар технологиялық процестерді бақылау картасында келтірілген (5-кесте).

5-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚА арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
<b>Кіріспе бақылау</b>										
Геотекстиль материалы МЕМСТ 6887	Марка	Жоба бойынша	Жол берілмейді	Объект жанындағы қойма	Бүкіл топтама	Шебер (прораб)	Визуалды	Сапа туралы құжат (өнім берушінің паспорты)	Кіріспе бақылау журналы	
Газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасы үшін дюбельдер Шайбалар	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	
	--<	--<	--<	--<	--<	--<	--<	--<	--<	

5-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚА арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
<b>Операциялық бақылау (ҚР ҚНЖҚ 2.04-10)</b>										
ҚҚЦҚ негізі бойынша геотекстиль материалынан жасалған қабатты төсеу	Жұмыс жүргізу шарттары: - қоршаған ортаның температурасы	-40-тан +60 °С дейін	Жол берілмейді	Жұмыстар жүргізу учаскесі	Іріктемелі	Шебер (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Термометр	бөлу бағасы 1 °С	Жалпы жұмыстар журналы
ҚҚЦҚ негізі бойынша геотекстиль материалынан жасалған қабатты төсеу	Состояние основания	Бұдырлардың болуы, жерүсті суларының іркілуі және жиналуы	Жол берілмейді	Жұмыстар жүргізу учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Визуалды	-	-	Жалпы жұмыстар журналы

## 5-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚА арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
	Геотекстиль материалының бума-орамдарын жаю	Қолдану нұсқаулығына сәйкес	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Визуалды өлшеу	-	-	Бұл да
	Геотекстиль материалы жаймалары жапсарының ұзына бойғы және көлденең бағыттағы ені, мм	0,3-0,5 м	Бұл да	Бұл да	Іріктемелі, әрбір 150 м/п-200 м/п бес өлшемнен	Бұл да	Визуалды өлшеу	Өлшегіш металл сызғыш	бөлу бағасы 1 мм	Бұл да

5-кестенің соңы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚА арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
	Жайманы негізге бекіту - бекіту элементтерінің саны	Жоба бойынша  Бұл да	Бұл да  Бұл да	Бұл да  Бұл да	Тұтас  Бұл да	Бұл да  Бұл да	Өлшеу  Визуалды өлшеу			Бұл да  Бұл да

## **8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау**

8.1 Геотекстиль материалынан жасалған қабаттарды төсеу кезінде ҚР ҚНЖҚ 2.02-05-2009, ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, ҚР ҚНЖҚ 2.04-10, МЕМСТ 12.1.013 және осы технологиялық картаның талаптарын орындау қажет.

8.2 Жұмыстарды атқаруға қарсы көрсеткіштерсіз медициналық куәландырудан, оқудан, білімін тексеруден өткен және тиісті куәлік алған, қол қоя отырып, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша нұсқамадан өткен адамдарға рұқсат етіледі.

8.3 Жұмыстарды бастардың алдында жұмыс жүргізетін ұйымның бұйрығымен мамандардың арасынан жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуі үшін жауапты адам (жұмыстардың басшысы) тағайындалады.

8.4 Жұмысты орындаушылар және жұмысшылар арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс:

- МЕМСТ 12.4.111, МЕМСТ 12.4.112 бойынша арнайы киім;
- МЕМСТ 12.4.137 бойынша арнайы аяқ киім;
- МЕМСТ 12.4.013 бойынша қорғаныштық көзәйнек;
- МЕМСТ 12.4.010 бойынша қолғаптар;
- МЕМСТ 12.4.087-84 бойынша құрылыс каскалары.

8.5 Жұмыс жүргізумен айналысатын барлық адамдар МЕМСТ 12.4.087 бойынша қорғаныштық каскалар киюге міндетті, қорғаныштық каскасыз және басқа да жеке қорғану құралдарынсыз жұмысты орындаушылар мен жұмысшылар жұмыстарды атқаруға жіберілмейді.

8.6 Күн сайын, жұмыс басталар алдында жұмыс атқаруға жауапты адам әрбір қызметкерде жеке қорғану құралдарының (ЖҚҚ) болуын және олардың жарамдылығын тексеруге, ал жұмыстарды атқару процесінде қызметкерлердің техникалық нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ЖҚҚ арналуы бойынша пайдалануына бақылауды жүзеге асыруға тиіс. Жұмыстарды орындаушылар алкогольдік, есірткімен немесе уыттылық масаю белгісі бар қызметкерлерді жұмысқа жібермеуге және шеттетуге міндетті.

8.7 Жұмыстарды жүргізу кезінде алдыңғы операция кейінгілерді орындау кезінде өндірістік қауіптіліктің көзіне айналмайтындай түрде өндірістік операциялардың технологиялық дәйектілігін сақтау қажет.

8.8 Жұмыс орны таза ұсталуға тиіс, материалдарды, аспаптарды сақтау тәртіпке келтірілуге және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес болуға тиіс.

8.9 Монтаждау тапаншасымен жұмыс істеуге тапаншаны пайдалану қағидаларына оқыған және арнайы куәлігі бар, 18 жастан асқан 8 сыныптан төмен емес білімі және III разрядтан төмен емес біліктілігі бар, монтаждау жұмыстарында кемінде екі жыл жұмыс істеген, медициналық тексеруден өткен және жоғарыда көрсетілген жұмыстарды атқаруға жарамды деп танылған адамдарға рұқсат етіледі.

8.10 Монтаждау тапаншасымен жұмыс істеу кезінде дәргей-рұқсат бойынша талаптар орындалады.

8.11 Монтаждау тапаншасымен жұмыс істеу кезінде:

- аспапты іске қосылған жағдайда қадағалаусыз қалдыруға;
- лақтыруға және сыртқы механикалық әсерге ұшыратуға;
- зақымданған монтаждау тапаншасымен жұмыс істеуге жол берілмейді.

8.12 Монтаждау тапаншасымен жұмыс істеу кезінде мынадай талаптар орындалуға тиіс:

- монтаждау тапаншасын пайдалану қағидаларында және қауіпсіздік техникасы қағидаларында көзделген жеке қорғану құралдарымен жұмыс істеу;

- монтаждау тапаншасын ашық от көздерінен және қыздыру приборларының әсерінен сақтау.

8.13 Төмендегідей ақаулары бар монтаждау тапаншасын пайдалануға жол берілмейді:

- оның қорғаныштық қаптамасы бүлінген;

- жұмысы дәл емес;

- жоғары шудың, тарсылдың, дірілдің, ақаудың пайда болуы немесе корпустық бөлігінде, сабында, қорғаныштық қоршауында жарықтың пайда болуы.

8.14 Сақталуын және жарамдылығын бақылау үшін монтаждау тапаншасына мерзімдік тексеру және техникалық құжаттамада белгіленген мерзімдерде сынау жүргізіледі. Мерзімдік сынақтарды арнайы бекітілген персонал жүргізеді.

8.15 Құрылыс алаңында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында өрт қауіпсіздігін ҚР ҚНЖҚ 2.02-05, МЕМСТ 12.1.004-91 және «Өрт қауіпсіздігі қағидаларының» талаптарына сәйкес қамтамасыз ету қажет.

### **8.16 Қоршаған ортаны қорғау**

Жұмыстарды орындау процесінде қоршаған ортаға залал келтірілмеуге тиіс:

- НТҚ талаптарына сәйкес қалдықтарды жинау және залалсыздандыру ұйымдастырылуға тиіс;

- қалдықтар залалсыздандыру орындарына шығарылуға тиіс.

Мыналар:

- технологиялық және тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланылатын суға ұқыпты қарау және оны барынша үнемдеу;

- ауыз суды технологиялық қажеттіліктерге пайдалануды барынша шектеу қамтамасыз етілуіне тиіс.

Құрылыс кәсіпорындарының басшылар және қызметшілері:

- объектіні салу кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың, нормалардың, нұсқаулықтардың, бұйрықтардың, нұсқаулардың сақталуына тұрақты бақылауды жүзеге асыруға;

- барлық санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілерді оқыту бағдарламаларына қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді қосуға және осы оқуды ұйымдастыруға тиіс.

## 9 Еңбек шығындарының калькуляциясы

9.1 ҚҚЦҚ-дан құралған жол төсемесінің төсеніш қабатына геотекстиль материалын салу бойынша калькуляция жасау кезінде Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған бірыңғай нормалар мен бағалар БНЖБ пайдаланылды:

ҚР Е 8.04-1 Жинақ Е1 Іштей салынатын көлік жұмыстары.

9.2 Геотекстиль материалын төсеу кезіндегі еңбек шығындарының калькуляциясы еңбек шығындарының бұрын жүргізілген хронометражына негізделген талдау-есептік әдіспен орындалды.

9.3 Еңбек шығындары мына формула бойынша есептелді:

$$\text{Ш} = \frac{\text{Ш}_1}{60} \cdot n,$$

мұнда Ш – еңбек шығындары, адам-сағ;

Ш<sub>1</sub> – нақты объектіде нормаланған жұмыс түрлеріне еңбек шығындары, минутпен;

n – нормалау сәтінде жұмыс түрлерімен айналысқан жұмысшылардың саны.

9.4 Еңбек шығындарының нормативтері ұзақтығы 8 сағат ауысым есебінен бір жұмысшыға келтірілген.

9.5 Нормаларда жұмыстардың құрамында технологиялық процестің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосымша және дайындық операциялары ескерілген бірақ әдейі ескертілмеген.

9.6 Нормаларда дайындық-қорытынды жұмыстарға (ДҚЖ), технологиялық үзілістерге (ТҮ), жеке қажеттілік пен демалуға еңбек шығындары ескерілген.

монолиттік бетон жабынның астына төсеуге жұмсалатын геокомпозит қабатына

**еңбек шығындарының калькуляциясы**

Жұмыстар көлемі – жол бетінің 40 қ.м., ені 11 м (440 м2)

Р/с №	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы, адам-с (маш-с)	Көлемге еңбек шығындары адам-с (маш-с)
<b>Негізгі жұмыстар</b>						
1	ЕШН №3	Геокомпозит бума-орамдарын әкелу және жаю.	м2	100	0,0023	0,23
2	ЕШН №4	Геокомпозиттің жабу (жапсарлау) орындарын және жаймаларының шеттерін газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасының көмегімен негізге бекіту.	м2	100	0,0015 (0,00038)	0,15 (0,038)
<b>ЖИЫНЫ</b> (Газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасы)						0,38 чел.-ч (0,038 маш.-ч)
<b>Қосымша жұмыстар</b>						
2	ЕШН №1	Бекіту материалдары мен аспаптарды түсіру және әкелу..	м2	100	0,00023	0,023
	ЕШН №2	Геокомпозит бума-орамдарын манипулятор-кранмен автокөліктен негізге түсіру (әрбір 40 м 4 бума-орамнан)	м2	100	0,00057 (0,00018)	0,057 (0,018)
<b>ЖИЫНЫ</b> (Жүк автомобилінің базасындағы кран-манипулятор)						0,08 чел.-ч (0,018 маш.-ч)
<b>БАРЛЫҒЫ</b> (Жүк автомобилінің базасындағы кран-манипулятор) (Газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасы)						0,46 чел.-ч (0,018 маш.-ч) (0,038 маш.-ч)

Геокомпозиттен жасалған 1м2 қабатты төсеуге жұмсалатын еңбек шығындарының есебі:

мұнда 0,0046 адам-с – құрылысшы-жұмысшылардың еңбек шығындары;  
0,00018 маш.-с – жүк автомобилін пайдалану.  
0,00038 маш.-с – газбен жұмыс істейтін монтаждау тапаншасын пайдалану.

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---

## Содержание

1 Общие положения .....	39
2 Область применения .....	39
3 Нормативные ссылки .....	41
4 Характеристики основных применяемых материалов и изделий .....	42
5 Организация и технология производства работ .....	54
6 Потребность в материально-технических ресурсах .....	65
7 Требования к качеству работ .....	67
8 Техника безопасности и охрана труда .....	71
9 Калькуляции затрат труда .....	73

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---

